

"Казахстанская правда" республикалық мемлекеттік газеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорның акционерлік қоғамға айналдыру және акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 16 қазандағы N 1050

"Казахстанская правда" республикалық мемлекеттік газетінің қаржы-шаруашылық қызметін дамыту, менеджментін және сапалық деңгейін жақсарту мақсатында, сондай-ақ "Жекешелендіру" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж, N 24, 163-құжат) сәйкес және ақпарат алу мен тарату саласында мемлекеттік қауіпсіздікті сақтау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігімен бірлесе отырып, белгіленген тәртіппен "Казахстанская правда" республикалық мемлекеттік газеті" шаруашылық жүргізу құқығында мемлекеттік кәсіпорның "Казахстанская правда" республикалық мемлекеттік газеті" ашық акционерлік қоғамы етіп қайта құрылсын.

2. "Казахстанская правда" республикалық мемлекеттік газеті" ашық акционерлік қоғамы "Казахстанская правда" республикалық мемлекеттік газеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының құқықтық мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті:

1) "Казахстанская правда" республикалық мемлекеттік газеті" ашық акционерлік қоғамының Жарғысын бекітсін;

2) "Казахстанская правда" республикалық мемлекеттік газеті" ашық акционерлік қоғамын заңды тіркеуге байланысты шаралар кешенінің орындалуын қамтамасыз етсін;

3) акцияларының мемлекеттік пакетінің оның жарғылық капиталының 65 (алпыс бес) проценті мөлшеріндегі бөлігін мынадай тендерлік шарттарды міндетті түрде енгізе отырып, жабық тендерде сатуды жүзеге асырсын:

тендерге қатысушылардың арасында шетелдік жеке тұлғалардың не заңды тұлға құрылтайшыларының немесе қатысушыларының құрамында шетелдік қатысушының болмауы;

сатып алушының "Казахстанская правда" республикалық газеті" ашық акционерлік

қоғамының мемлекеттік тапсырысты орындаудың қамтамасыз етуі;

"Казахстанская правда" газетінің сапасын жақсарту;

қажетті инвестициялар мөлшерінің болуы.

4. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім

министрлігі "Казахстанская правда" республикалық мемлекеттік газеті"

шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының тіркеу
куәлігін ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруіне байланысты "Казахстанская
правда" республикалық газеті" ААҚ-на қайта ресімдеуді қамтамасыз етсін.

5.

<*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ қүшін жойды - ҚРҮ-нің 1999.04.29. N 499 қаулысымен.

P990499_

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қүшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі